

Қосымша парақ – пациентке арналған ақпарат

СептаНазал® ересектерге арналған, 0,1 мг + 5 мг/доза, дозаланған мұрын спрейі

Әсер етуші зат: ксилометазолин + [декспантенол]

Препаратты қолданар алдында қосымша парақты толығымен оқып шығыңыз, өйткені онда Сіз үшін маңызды мәліметтер бар.

Препаратты әркез қосымша парағымен немесе емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсыныстарымен дәл қолданыңыз.

Қосымша парақты сақтап қойыңыз. Оны Сізге тағы да бір рет оқып шығуыңыз қажет болуы мүмкін.

Егер Сізге қосымша ақпарат немесе ұсыныстар қажет болса, дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, соның ішінде қосымша парақтың 4-бөлімінде көрсетілмегендерге де қатысты.

Егер жағдай жақсармаса немесе ол нашарласа, 5-7 күннен кейін Сізге дәрігерге қаралу керек.

Қосымша парақтың мазмұны

1. СептаНазал® ересектерге арналған препараты дегеніміз не және оны не үшін қолданады.
2. СептаНазал® ересектерге арналған препаратын қабылдар алдында нені білу керек.
3. СептаНазал® ересектерге арналған препаратын қолдану.
4. Болуы мүмкін жағымсыз реакциялар.
5. СептаНазал® ересектерге арналған препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер.

1. СептаНазал® ересектерге арналған препараты дегеніміз не және оны не үшін қолданады

СептаНазал® ересектерге арналған препаратының құрамында әсер етуші заттар – ксилометазолин (гидрохлорид түріндегі) және декспантенол бар.

«Мұрын ауруларын емдеуге арналған препараттар; деконгестанттар және басқа да жергілікті қолдануға арналған препараттар; симпатомиметиктер, кортикостероидсыз

біріктірілімдер" фармакотерапиялық тобына жатады және мұрын бітелуінде мұрынның тыныс алуын жақсарту үшін қолданылады.

Қолданылуы

СептаНазал® ересектерге арналған препараты ересектер мен 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларда мына жағдайларда қолданылады:

- ринит жағдайлары бар (мұрын бітелуі) жедел респираторлық ауру, жедел аллергиялық ринит, поллиноз, синусит, евстахиит, ортаңғы отитте (мұрын-жұтқыншақ шырышты қабығының ісінуін азайту үшін біріктірілген ем құрамында).
- пациентті мұрын жолдарындағы диагностикалық шараларға дайындау үшін.

СептаНазал® ересектерге арналған препаратының әсер ету тәсілі

СептаНазал® ересектерге арналған препараты мұрын қуысының шырышты қабығының қан тамырларының тарылуын тудырады, мұрын-жұтқыншақ шырышты қабығының ісінуі мен қызаруын (гиперемиясын) жояды.

Ұсынылған дозаларда препарат мұрын қуысының шырышты қабығын тітіркендірмейді, қызаруды (гиперемия) тудырмайды. Препараттың әсері қолданғаннан кейін 2 минуттан соң пайда болады және 12 сағат бойы (соның ішінде түні бойы) жалғасады.

Ксилометазолин мұрын қуысының шырышты қабығының қан тамырларын тез тарылтады, бұл оның ісінуін жоюға және шырыштың бөлінуін азайтуға әкеледі. Осылайша, ксилометазолин мұрын бітелуі кезінде мұрынның тыныс алуын жақсартады. Ксилометазолинді мұрын қуысының шырышты қабаты сезімтал пациенттер жақсы қабылдайды, оның әсері шырыштың қалыпты бөлінуіне кедергі болмайды. Ксилометазолиннің мұрын қуысына тән рН мәні теңгерімді.

Декспантенол - пантотен қышқылының туындысы - В тобының дәрумені, мұрын қуысының шырышты қабығының жазылуына ықпал етеді, әлсіз қабынуға қарсы әсерге ие және мұрын қуысының шырышты қабығын қорғайды.

Егер жақсару болмаса немесе Сізге 5-7 күннен кейін нашарлау сезілсе, дәрігерге жүгіну керек.

2. СептаНазал® ересектерге арналған препаратын қабылдар алдында нені білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

СептаНазал® ересектерге арналған препараттың қолданбаңыз:

- егер Сізде ксилометазолин немесе декспантенолға немесе препараттың басқа кез келген компоненттеріне (қосымша парақтың 6 бөлімінде атап көрсетілген) аллергия бар болса;
- егер Сізде артериялық қысым жоғары болса (артериялық гипертензия);
- егер Сізде жүрек соғуы жиілесесе (тахикардия);
- егер Сізде тамырлардың саңылауының тарылуы және қан айналымының бұзылу белгілері болатын холестеринді түйіндақтар түзілген қан тамырларының ауруы болса (айқын атеросклероз);
- егер Сізде көзішілік қысымның жоғарылауы болса (глаукома);
- егер Сізде қалқанша безі гормондарды көп өндіретін жағдай болса (гипертиреоз);
- егер Сізде мұрын қуысының шырышты қабығының жұқаруымен бірге жүретін ұзақ мерзімді қабынуы болса (атрофиялық ринит);
- егер Сізде танау терісінің немесе шырышты қабығының қабыну аурулары болса;
- егер Сізде бұрын ми қабығына хирургиялық араласулар жасалған болса;
- егер Сізде гипофизді алып тастау үшін операция жасалса (трансфеноидальді гипофизэктомия);
- егер Сіз осы сәтке дейін моноаминооксидаза тежегіштерін (мысалы, депрессияны немесе Паркинсон ауруын емдеуге арналған препараттар) (оларды тоқтатқаннан кейін 14 күнді қоса), трициклды немесе тетрациклды антидепрессанттар қабылдап жүрсеңіз.

Егер аталған бекітілімдердің кез келгені Сізге қатысты болса, бұл туралы дәрігерге міндетті түрде хабарлаңыз.

Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары

СептаНазал® ересектерге арналған препараттың қолданар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Бұл әсіресе маңызды, егер:

- Сізде қант диабеті болса;
- Сізде ауыр жүрек-қан тамырлары аурулары (соның ішінде жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия) болса;
- Сізде қуық асты безі ұлғайған болса (қуық асты безінің гиперплазиясы);
- Сізде бүйрек үсті безінің ісігі болса (феохромцитома);

- Сізде порфирия деп аталатын пигмент алмасуының бұзылуы болса;
- Сіз бала емізіп жүрсеңіз;
- Сізде ұйқысыздық, бас айналу, жүрек ырғағының бұзылуы (аритмия), дене бөлігінің еріксіз ырғақты тербелмелі қозғалыстары (қол, аяқ, бас, дауыс байламдары, тұла бойдың) (тремор), артериялық қысымның жоғарылауымен бірге жүретін адреналин рецепторларына әсер ететін препараттарға (адренергиялық препараттар) сезімталдық жоғарыласа;
- Сізде аритмияның даму қаупімен электрокардиограммада ерекше өзгерістер болса (QT аралығының ұзару синдромы).

Артқы қайтымды энцефалопатия синдромы немесе қайтымды церебральді вазоконстрикция синдромы

Симпатомиметикалық препараттармен, соның ішінде ксилометазолинмен емдеу аясында артқы қайтымды энцефалопатия синдромының немесе қайтымды церебральды вазоконстрикция синдромының дамуының сирек жағдайлары сипатталған. Симптомдарға кенеттен қатты бас ауруы, жүрек айну, құсу және көру қабілетінің бұзылуы кірді. Көп жағдайда жағдай жақсарды немесе құбылыс тиісті емдеуден кейін бірнеше күн ішінде жойылды. Егер Сізде жоғарыда аталған симптомдар пайда болса, СептаНазал[®] ересектерге арналған препаратын қолдануды дереу тоқтатып, медициналық көмекке жүгініңіз.

Ұзақ уақыт қолдану

СептаНазал[®] ересектерге арналған препаратын 7 күннен асырмай қолданыңыз.

Жағымсыз реакциялардың пайда болу қаупін азайтуға симптомдарды жеңілдету үшін қажетті ең қысқа уақыт ішінде ең төмен тиімді дозаны қолданыңыз.

Ұсынылған дозадан аспаңыз, әсіресе балалар мен қарт адамдарда.

Ұзақ қолдану (7 күннен астам) немесе СептаНазал[®] ересектерге арналған препаратының жоғары дозаларын қолдану мұрынның созылмалы бітелуіне ("дәрі-дәрмектік ринит" түріндегі созылмалы ісіну) және мұрын қуысының шырышты қабығының жұқаруына (зақымдалуына) әкелуі мүмкін.

Жүрек ырғағының бұзылуы

Егер Сізде QT аралығының ұзару синдромы болса, онда СептаНазал[®] ересектерге арналған препаратын қолданған кезде жүрек ырғағының ауыр бұзылуларының (қарыншалық аритмия) даму қаупі артады

Балалар мен жасөспірімдер

СептаНазал® ересектерге арналған препаратын 0 жастан 2 жасқа дейінгі балаларда қолданбаңыз, себебі тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған.

Дозалау режимін қамтамасыз ете алмауына байланысты 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларда СептаНазал® ересектерге арналған препаратын, дозаланған мұрын спрейін, 0,1 мг + 5 мг/дозаны қолданбаңыз.

СептаНазал® ересектерге арналған препаратын 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларда ересектердің бақылауымен қолданыңыз.

6-11 жас аралығындағы балаларда препаратты дәрігердің ұсынысы бойынша қолданыңыз.

Балаларда қолдану ұзақтығы туралы мәселе бойынша дәрігерден кеңес сұраңыз.

Басқа препараттар және СептаНазал® ересектерге арналған препараты

Емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне Сіз нені қабылдап жүргеніңіз, жақында нені қабылдағаныңыз немесе қандай да бір басқа препараттарды қабылдауды бастау мүмкіндігіңіз туралы хабарлаңыз.

СептаНазал® ересектерге арналған препаратын қолданбаңыз:

- егер Сіз моноаминоксидаза тежегіштерін (мысалы, депрессия немесе Паркинсон ауруын емдеуге арналған препараттар) осы уақытта, сондай-ақ олар тоқтатқаннан кейін 14 күн ішінде қабылдасаңыз;
- егер Сіз трициклды немесе тетрациклды антидепрессанттарды (мысалы, амитриптилин, клопирамин – депрессияны емдеу үшін) қабылдасаңыз;
- егер Сіз симпатомиметиктер (мысалы, псевдоэфедрин, эфедрин, фенилэфрин, оксиметазолин, ксилометазолин, трамазолин, нафазолин, туаминогептан сияқты мұрын бітелуін емдеуге арналған препараттар) қабылдасаңыз.

Бұл жүрек пен қан тамырларының жағымсыз реакцияларының даму қаупін арттыруы мүмкін (мысалы, артериялық қысымның жоғарылауы, пульс жиілеуі).

Жүктілік және бала емізу

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз, жүкті болдым деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарлап отырсаңыз, препаратты қабылдауды бастар алдында емдеуші дәрігеріңізбен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Жүктілік

Жүктілік кезінде СептаНазал® ересектерге арналған препаратын қолданбаңыз.

Бала емізу кезеңі

Бала емізу кезеңінде СептаНазал® ересектерге арналған препаратын тек дәрігермен

кеңескеннен кейін ғана қолдануға болады. Дәрігер ана мен нәресте үшін қауіп пен пайда арақатынасын анықтайды. Препаратты дәрігердің бақылауымен қолданыңыз. Ұсынылған дозадан аспаңыз.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Жүйелік жағымсыз реакциялар дамыған жағдайда (бас ауруы, жүрек соғу сезімі, артериялық қысымның жоғарылауы, көру қабілетінің бұзылуы) Сіз немесе Сіздің балаңыз көлік құралдарын басқарудан және механизмдермен жұмыс істеуден бас тартқаны дұрыс.

СептаНазал[®] ересектерге арналған препараты құрамындағы натрий

Бұл дәрілік препараттың құрамында 1 дозаға 1 ммольден кем натрий (23 мг) бар, яғни құрамында натрий жоқ дерлік.

3. СептаНазал[®] ересектерге арналған препаратын қолдану

Бұл препаратты әрдайым қосымша парақ деректеріне толық сәйкестікте қолданыңыз. Күмән пайда болған жағдайда Сіз емдеуші дәрігеріңізбен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза

Ересектер

Тәулігіне 2-3 рет әр мұрын жолына 1 бүркуден. Препаратты тәулігіне 3 реттен артық қолданбаңыз.

Симптомдарды жеңілдету үшін ең қысқа уақыт ішінде ең аз дозаны қолданыңыз.

Балалар мен жасөспірімдерде қолдану

0 жастан 2 жасқа дейінгі балалар

СептаНазал[®] ересектерге арналған препаратын 0 жастан 2 жасқа дейінгі балаларда қолданбаңыз (препараттың тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған; деректер жоқ).

2 жастан 6 жасқа дейінгі балалар

Дозалау режимін қамтамасыз ете алмауына байланысты 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларда СептаНазал[®] ересектерге арналған препаратын, дозаланған мұрын спрейін, 0,1 мг + 5 мг/дозаны қолданбаңыз.

Ксилометазолин + [декспантенол] біріктірілімінің басқа дозасы дозаланған мұрын спрейі

түрінде (0,05 мг + 5 мг/доза) 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға жақсырақ сәйкес келуі мүмкін, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар

6 жастан 18 жасқа дейінгі балалардағы дозалау режимі ересектердегі дозалау режиміне сәйкес келеді.


СептаНазал® ересектерге арналған препаратын 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларда ересектердің бақылауымен қолданыңыз. 6-11 жас аралығындағы балаларда препаратты дәрігердің ұсынысы бойынша қолданыңыз.

Енгізу жолы және (немесе) тәсілі

Интраназальді (мұрынға бүрку). Қолданар алдында мұрын жолдарын тазалаңыз.



Қолданар алдында қорғағыш қалпақшасын шешіп алыңыз. Спрейді бірінші рет немесе ұзақ үзілістен кейін қолданар алдында біркелкі бүрку пайда болғанша помпа дозалағыш құрылғысын бірнеше рет басыңыз.



Құтының ұштығын мұрын жолына тігінен қойыңыз, мұрын арқылы баяу дем алыңыз, сонымен бірге помпа дозалағыш құрылғысын бір рет басыңыз. Басқа мұрын жолы үшін емшараны қайталаңыз. Қолданғаннан кейін ұштығын қағаз сүрткімен сүртіп, қорғағыш қалпақшасымен жабыңыз.

Емдеу ұзақтығы

Жағымсыз реакциялардың пайда болу қаупін азайту үшін симптомдарды жеңілдетуге қажетті ең қысқа уақыт ішінде ең төмен тиімді дозаны қолданыңыз.

СептаНазал® ересектерге арналған препаратын 5-7 күннен артық қолданбаңыз.

Балаларда қолдану ұзақтығы туралы мәселе бойынша дәрігерден кеңес сұраңыз.

Егер Сіз СептаНазал® ересектерге арналған препаратын қажет болғаннан артық қолдансаңыз

Егер Сіз СептаНазал® ересектерге арналған препаратын қажетінен көп қолданған

болсаңыз немесе препаратты кездейсоқ ішке қабылдаған болсаңыз, Сізде қатты бас айналу, қатты тершендік, дене температурасының күрт төмендеуі, бас ауруы, жүрек соғуының баяулауы (брадикардия), артериялық қысымның жоғарылауы, тыныс алу бәсеңдеуі, кома және құрысулар болуы мүмкін. Артериялық қысымның жоғарылауынан кейін оның күрт төмендеуі байқалуы мүмкін.

Кез келген артық дозалануына күдік туындағанда, препаратты қолдануды тоқтатып, дереу дәрігерге қаралыңыз, себебі Сізге медициналық көмек пен бақылау қажет болуы мүмкін.

Егер Сіз СептаНазал® ересектерге арналған препаратты қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Егер Сіз препараттың кезекті дозасын қолдануды ұмытып кетсеңіз, алаңдамаңыз. Оны мүмкін болғанда қолданыңыз, содан кейін әдеттегідей қолдануды жалғастырыңыз.

Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін екі есе дозаны қолданбаңыз.

Препаратты қолдану бойынша сұрақтар болған жағдайда емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.

4. Болуы мүмкін жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттар сияқты, бұл препарат та жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін, алайда олар барлығында бірдей пайда бола бермейді.

СептаНазал® ересектерге арналған препаратты қолдануды тоқтатыңыз және егер Сізде келесі ауыр жағымсыз реакциялардың кез келгені пайда болса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз – Сізге шұғыл медициналық көмек немесе ауруханаға жатқызу қажет болуы мүмкін.

Өте сирек (10 000 адамның 1-еуінде пайда болуы мүмкін, одан көп емес):

- тыныс алу немесе жұту қиындықтарымен беттің, еріннің, тілдің немесе тамақтың кенеттен пайда болған ісінуі (ангионевроздық ісіну);
- бөртпе, қышыну (аса жоғары сезімталдық реакциялары).

СептаНазал® ересектерге арналған препаратты қолдану кезінде байқалуы мүмкін басқа да болжамды жағымсыз реакциялар

Жиі (10 адамның 1-еуінде пайда болуы мүмкін, одан көп емес):

- бас ауыруы;

- мұрынның тітіркенуі және / немесе құрғауы;
- қолдану орнындағы ашыту;
- мұрынның шаншуы;
- түшкіру;
- мұрыннан мөлдір бөлінділер болуы (мұрын-жұтқыншақтың шырышты қабығының гиперсекрециясы);
- мұрыннан мөлдір бөлінділер болып мұрынмен тыныс алу қиындауы және тамыр тарылтатын тамшы дәріні /мұрынға арналған спрейді ұзақ уақыт қолданудан иіс сезу төмендеуі («дәрі-дәрмектік ринит»);
- жүрек айнуы.

Сирек (1 000 адамның 1-еуінде пайда болуы мүмкін, одан көп емес):

- ұйқысыздық;
- депрессия (жоғары дозаларда қолданғанда);
- жүрек қағуын сезіну;
- артериялық қысымның жоғарылауы;
- құсу.

Өте сирек (10 000 адамның 1-еуінде пайда болуы мүмкін, одан көп емес):

- көру қабілетінің анықтығы бұзылуы;
- жүрек соғуы жиілеуі (тахикардия);
- жүрек ырғағы бұзылуы (аритмия).

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар туындаса, дәрігермен кеңесіңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, соның ішінде қосымша парақта аталмаған реакцияларға қолданылады. Сіз сондай-ақ дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар бойынша (әсері) мүше мемлекеттердің аумағында анықталған дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаны қоса, жағымсыз реакциялар туралы деректердің ақпараттық базасына мәлімдей аласыз.

Ресей Федерациясы

109012, Мәскеу қ., Славянская алаңы, 4-үй, кұр. 1

Денсаулық сақтау саласындағы қадағалау жөніндегі Федералдық қызметі

Тел.: +7 (800) 550 99 03

Электрондық пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

Веб-сайт: <https://roszdravnadzor.gov.ru>

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский түйығы, 2а үй
Республикалық унитарлық кәсіпорын «Денсаулық сақтаудағы сараптамалар мен сынақтар орталығы»

Фармакоқадағалау бөлімінің телефоны: + 375 (17) 242 00 29

Факс: + 375 (17) 242 00 29

Электрондық пошта: rcpl@rceth.by, rceth@rceth.by

Веб-сайт: www.rceth.by

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш, 13 үй, «Нұрсәулет 2» БО
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: + 7 7172 235 135

Электрондық пошта: farm@dari.kz

Веб-сайт: www.ndda.kz

Армения Республикасы

0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/5 үй

«Академик Э. Габриелян атындағы дәрілерді сараптау және медициналық технологиялар ғылыми орталығы»

Тел.: + 374 60 83 00 73

Электрондық пошта: admin@pharm.am, vigilance@pharm.am, letters@pharm.am

Веб-сайт: <http://www.pharm.am>

Қырғыз Республикасы

720044, Шу облысы, г Бішкек қ., 3-Линия көшесі, 25 үй

Дәрілік заттар және медициналық бұйымдар департаменті

Тел.: + 996 (312) 21 92 86

Электрондық пошта: dlsmi@pharm.kg

Веб-сайт: www.pharm.kg

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз

5. СептаНазал[®] ересектерге арналған препаратын сақтау

Препаратты балалардың қолы жетпейтін жерде және олардың көздеріне түспейтін етіп сақтаңыз.

Қаптамасында «...Дейін жарамды:» сөзінен кейінгі көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен кейін препаратты қолданбаңыз.

Жарамдылық мерзімінің аяқталатын күні сол айдың соңғы күні болып табылады.

Түпнұсқалық қаптамасында (құтыда), 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Құтыны ашқаннан кейін препаратты 12 ай ішінде қолдану керек.

Препаратты кәрізге (су құбырына) тастамаңыз. Бұдан әрі қажет емес препараттарды қалай утилизациялау (жою) керек екенін дәріхана қызметкерінен анықтап сұраңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер

СептаНазал® ересектерге арналған препаратының құрамында

Әсер етуші зат ксилометазолин + [декспантенол] болып табылады.

Дозаланған мұрын спрейінің әр миллилитрінде 1 миллиграмм ксилометазолин (гидрохлорид түрінде) және 50 миллиграмм декспантенол бар.

Әр дозада 0,1 миллиграмм ксилометазолин (гидрохлорид түрінде) және 5 миллиграмм декспантенол бар.

Басқа да ингредиенттері (қосымша заттары) келесілер болады: калий дигидрофосфаты, натрий гидрофосфаты додекагидраты, инъекцияға арналған су. Қосымша парақтың 2 бөлімін, «СептаНазал® ересектерге арналған препараты құрамындағы натрий» қосалқы бөлімін қараңыз.

СептаНазал® ересектерге арналған препаратының сыртқы түрі және оның қаптамасының ішіндегісі

Дозаланған мұрын спрейі.

Мөлдір, түссіз ерітінді.

Дозалағыш құрылғысы (помпасы) және біріктірілген материалдан жасалған мөлдір қорғағыш қалпақшасы бар тығыздығы жоғары полиэтилен құтыда препараттың (10 мл) 90 дозасы.

1 құты қосымша парағымен бірге картон қорапшаға салынады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы және өндіруші

«КРКА, д.д., Ново место» АҚ / KRKA, d.d., Novo mesto

Шмарьешка цеста 6, 8501 Ново место, Словения / Smarjeska cesta 6, 8501 Novo mesto,

Slovenia

Дәрілік препарат ЕАЭО-ына мүше мемлекеттерде мынадай саудалық атауларымен тіркелген:

Саудалық атауы	ЕАЭО мемлекеті
СептаНазал [®]	Ресей Федерациясы
СептаНазал [®] для взрослых	Беларусь Республикасы
СептаНазал [®] ересектерге арналған	Қазақстан Республикасы
СептаНазал [®] для взрослых	Армения Республикасы
СептаНазал [®] для взрослых	Қырғыз Республикасы

Препарат туралы кез келген ақпаратты алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайда тіркеу куәлігі ұстаушысының өкіліне немесе тіркеу куәлігі ұстаушысына жүгіну қажет

Ресей Федерациясы

«КРКА-РУС» ЖШҚ

143500, Мәскеу обл., Истра қ., Московская көш, 50 үй

Тел.: + 7 (495) 994 70 70

Факс: + 7 (495) 994 70 78

Электрондық пошта: krka-rus@krka.biz

Беларусь Республикасы

«КРКА, tovarna zdravil, d.d., Novo mesto» (Республика Словения) Акционерлік қоғамының Беларусь Республикасындағы өкілдігі

220114, Минск қ., Филимонов көш, 25Г үй, 315 кеңсе

Тел.: 8 740 740 9230

Факс: 8 740 740 9230

Электрондық пошта: info.by@krka.biz

Қазақстан Республикасы

«КРКА Қазақстан» ЖШС

050040, Алматы қ., Шағын ауданы КОКТЕМ-1, үй 15А, офис 601

Тел.: + 7 (727) 311 08 09

Электрондық пошта: info.kz@krka.biz

Армения Республикасы

«Крка, д.д., Ново место» Армения Республикасындағы өкілдігі

0001, Ереван қ., Налбандян көш, 106/1 үй («САЯТ-НОВА» БИЗНЕС-ОРТАЛЫҒЫ), 103
кеңсе

Тел.: + 374 11 560011

Электрондық пошта: info.am@krka.biz

Қырғыз Республикасы

Қырғызстандағы «КРКА, товарна здравил, д.д., Ново место» АҚ өкілдігі

720040, Шу облысы, Бішкек қ., Эркиндик гүлзары, 71 үй, А блогы

Тел.: + 996 (312) 66 22 50

Электрондық пошта: info.kg@krka.biz

Қосымша парақ қайта қаралды

05 қараша 2025 ж.

Басқа да ақпарат көздері

Осы препарат туралы егжей-тегжейлі мәліметтер Одақтың веб-сайтында
(<https://ees.eaeunion.org>).

Қосымша парақ Одақтың барлық тілдерінде Одақтың веб-сайтында қол жетімді.